

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1416 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004 жылғы 25 тамызда Анкара қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісім

(2005 жылғы 3 ақпанда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі (бұдан әр і - Т а р а п т а р) ,

бұрынғы уақыттан бері орын алып келе жатқан достық өзара қарым-қатынасты нығайтуға ниет білдіре отырып,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы 1993 жылғы 23 ақпандағы әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 8 тамыздағы әскери ғылым, техника мен білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Түрік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1 050 000 000 000 (бір триллион елу миллиард) АҚШ долларына баламалы түрік лирі сомасында өтеусіз әскери көмек береді.

Өтеусіз әскери көмекті беру 2004 жылдан басталады.

2-бап

1 050 000 000 000 (бір триллион елу миллиард) АҚШ долларына баламалы түрік лирі сомасындағы өтеусіз әскери көмек Түрік Республикасының заңнамасына сәйкес материалдық көмек және қызмет көрсетулер түрінде берілетін болады.

3-бап

1 050 000 000 000 (бір триллион елу миллиард) АҚШ долларына баламалы түрік лирі сомасындағы өтеусіз әскери көмек осы Келісімге сәйкес екі елдің құзыретті органдарымен жасалатын атқару хаттамаға сәйкес іске асырылатын болады.

4-бап

Қазақстан тарапы Түрік тарапының алдын ала келісімін алмай Түрік тарапынан алынған материалдар мен қызметтерді немесе оларды пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермеуге келісті.

5-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне е н е д і .

Осы Келісім өз әрекетін осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген Атқару хаттамаға сәйкес ұсынылған материалдық көмек және қызметтерді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне толық берген сәтінен бастап тоқтатады.

Осы Келісім Тараптардың мынадай құзыретті органдарымен іске асырылатын б о л а д ы :

қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

түрік тарапынан - Түрік Республикасының Бас штабы.

Осы Келісімді іске асырған кезде туындайтын кез келген келіспеушіліктер келіссөздер және консультациялар жолымен шешілетін болады.

2004 жылғы 25 тамыз Анкара қаласында әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндерінің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде қайшылықтар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Түрік Республикасының
Үкіметі үшін*

Қ о л ы :
Т е г і :
Әскері шені: генерал-майор
Лауазымы: Қазақстан
Республикасының Түрік
Республикасындағы Елшілігі
жанындағы әскери атташесы

департамент бастығы

Қ о л ы :
Т е г і :
Әскері шені: бригадалық
генералы
Лауазымы: Түрік
Республикасының
Бас штабы қорғаныс жоспары
және ресурстарды басқару